

2008 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімдігінің 2008 жылғы 4 сәуірдегі N 471 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2008 жылы 15 сәуірде N 4202 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық әкімдігінің 2010 жылғы 02 сәуірдегі N 13-16/957 хатымен.

Күші жойылды - Қызылорда облыстық әкімдігінің 2010.04.02 N 13-16/957 хатымен.

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2008 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 1 сәуірдегі N 563 Жарлығына және "Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 623 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінгі қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2008 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру үшін облыстық шақыру комиссиясы құрылсын және осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес оның құрамы бекітілсін.

2. Азаматтарды 2008 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Аудандар мен Қызылорда қаласының әкімдері 2008 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастырсын.

4. Қызылорда облысының мәдениет басқармасы мемлекеттік мекемесі (О. Әлжік) әскери қызметке шақырылғандарды салтанатты жағдайда шығарып салу күндерінде әскерге шақырылған жастар алдында көркем өнерпаздар мен

шығармашылық ұжымдардың концерттерін, шақыру кезеңінде Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің жанындағы облыстық жиын пунктінде әскери-патриоттық тақырыптардағы көркем суретті және деректі фильмдерді көрсетуді ұйымдастырсын.

5. "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі (М. Көшімбаев) облыстық шақыру комиссиясы құрамында облыстық медициналық комиссиясын құрсын.

6. Қызылорда облысының ішкі істер департаментіне (А.Исағалиев, келісім бойынша), Қызылорда стансасындағы желілік ішкі істер бөліміне (Е.Тілепбергенов, келісім бойынша) көпшілік шоғырланатын орындарда және шақырылғандардың жүру маршруттарында қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында жол полициясы инспекторларын, патрульдік автокөліктердің және полиция нарядтарының қажетті санын бөлу ұсынылсын.

7. "Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс және авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Ә.Жылқайдаров) азаматтардың әскери қызметке шақырылуын жүргізуді ұйымдастыру үшін облыстық жиын пунктін жабдықтап, дәрі-дәрмекпен, құрал-жабдықпен, медицина және шаруашылық мүлкімен, автомобиль көлігімен, сондай-ақ байланыс құралдарымен жабдыqtасын.

8. Қызылорда қаласының әкімі С.Қожаниязов Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің жанындағы облыстық жиын пунктінде жұмыссыз ретінде тіркелгендерден қоғамдық жұмыс істеуге өз еріктерімен келіскен 10 адамды бөлсін.

9. Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментіне (С.Тоқманбетов, келісім бойынша), Қызылорда облысының ішкі істер департаментіне (А.Исағалиев, келісім бойынша), Қызылорда стансасындағы желілік ішкі істер бөліміне (Е.Тілепбергенов, келісім бойынша), сондай-ақ аудандар мен Қызылорда қаласының әкімдеріне, "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне (М.Көшімбаев) осы қаулының орындалуы жөнінде атқарылған жұмыстар туралы ақпаратты 2008 жылдың 10 шілдесіне және 2009 жылдың 15 қаңтарына облыс әкімдігіне беру ұсынылсын.

10. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің бірінші орынбасары Б.Жүсіповке жүктелсін.

11. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі

Облыс әкімі

М.Құл-Мұхаммед

"Келісілді":

Қызылорда облысының ішкі істер
департаментінің бастығы

----- А.Исағалиев

2008 ж. "___" _____

"Келісілді":

Қызылорда облысының ішкі істер
департаменті бастығының орынбасары

----- Қ.Байкенжиев

2008 ж. "___" _____

"Келісілді":

Қызылорда стансасындағы желілік
ішкі істер бөлімі бастығының
міндетін атқарушы

----- Е.Тілепбергенов

2008 ж. "___" _____

"Келісілді":

Қызылорда облысының қорғаныс істері
жөніндегі департаментінің бастығы

----- С.Тоқманбетов

2008 ж. "___" _____

"Келісілді":

Қызылорда облысының қорғаныс істері
жөніндегі департаменті бастығының
о р ы н б а с а р ы

----- М.Ршауов

2008 ж. "___" _____

"Келісілді":

Қызылорда облысының қорғаныс істері
жөніндегі департаментінің тәрбие,
әлеуметтік және психологиялық
жұмыстары бөлімінің аға әскери маманы

----- Н.Искакова

2008 ж. "___" _____

"Келісілді":

Қызылорда облысының қорғаныс істері
жөніндегі департаменті бастығының
көмекшісі - дәрігер (медициналық комиссияның төрағасы)

----- М. Қаниев

2008 ж. "___" _____

Қызылорда облысы әкімдігінің
2008 жылғы 4 сәуірдегі N 471
қаулысымен бекітілген
1-қосымша

Облыстық шақыру комиссиясының ҚҰРАМЫ

Тоқманбетов Сұлтан Әбуұлы - Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы, комиссиясының төрағасы (келісім бойынша);

Бәйімбетов Марат Серікбайұлы - "Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы" мемлекеттік мекемесі бастығының міндетін атқарушы, комиссия төрағасының орынбасары;

Жылқыбаева Динара Қадырбергенқызы - "Облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы" мемлекеттік мекемесінің аяжаны, комиссияның хатшысы (келісім бойынша);

Ршауов Мыңділда Сағидуллаұлы - Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасары (келісім бойынша);

Байкенжиев Қасымбек Спандиярұлы - Қызылорда облысының ішкі істер департаменті бастығының орынбасары (келісім бойынша);

Қаниев Мейрамбек Қалелұлы - Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының көмекшісі - дәрігер (медициналық комиссияның төрағасы) (келісім бойынша);

Қойшыбаева Қарлығаш Балтабайқызы - Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің психологы, комиссия мүшесі.

Ескерту: Қаулының 1-қосымшасы өзгертілді - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2008.10.21 N 118 шешімімен.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2008 жылғы 4 сәуірдегі N 471
қаулысымен бекітілген

2-қосымша

Азаматтарды 2008 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

Қорғаныс істері жөніндегі бөлімдер және басқармалар	сәуір өткізу күндері									
	17	18	21	22	23	24	25	28	29	30
Арал ауданы		■		■		■		■		■
Қазалы ауданы		■		■		■		■		■
Байқоңыр ауданы		■		■		■		■		■

Жалағаш ауданы	■	■	■					■	■	■	■	■	■	■	■	■				
Қызылор-да қаласы	■	■	■					■	■	■	■	■	■	■	■	■				
Шиелі ауданы	■	■	■					■	■	■	■	■	■	■	■	■				
Жаңақор-ған ауданы	■	■						■	■	■	■	■	■	■	■	■				
Қорғаныс істері жөнінде-гі бөлімдер және басқар-малар	қараша өткізу күндері																			
	3	4	5	6	7	10	11	12	13	14	17	18	19	20	21	24	25	26	27	28
Арал ауданы		■		■		■		■		■		■		■		■		■		■
Қазалы ауданы		■		■		■		■		■		■		■		■		■		■
Байқоңырауданы		■		■		■		■		■		■		■		■		■		■
Қармақшыауданы		■		■		■		■		■		■		■		■		■		■
Жалағаш ауданы	■		■		■		■		■		■		■		■		■		■	
Қызылор-да қаласы	■		■		■		■		■		■		■		■		■		■	
Шиелі ауданы	■		■		■		■		■		■		■		■		■		■	
Жаңақор-ған ауданы	■		■		■		■		■		■		■		■		■		■	

Қорғаныс істе-рі жөніндегі бөлімдер және басқарма-лар	желтоқсан өткізу күндері																				
	1	2	3	4	5	8	9	10	11	12	15	17	18	19	22	23	24	25	26	29	30
Арал ауда-ны	■	■			■							■								■	
Қаза-лы ауда-ны	■	■				■							■								
Байқоңыр ауда-ны	■	■					■							■							
Қар-мақшы ауда-ны	■	■		■											■						
Жала-ғаш ауда-ны	■	■						■								■					
Қызылорда қала-сы	■	■	■								■						■				
Шиеліауда-ны	■	■							■									■			
Жаңа-қорған ауда-ны	■	■								■									■		



Қосымша: аудандардың шақыру комиссиясынан өту күндері

